

Тілім - тұғырым

Өткен аптада тілдерді оқыту орталығы тіл үйренушілерге сертификат табыстады

Меңдіқара ауданы әкімдігінің тілдерді оқыту орталығында ересек азаматтарға ақысынз тілді үйренуге арналған мемлекеттік тіл және ағылшын тілін оқыту курстары ұйымдастырылған.

Мемлекеттік бағдарлама көрсеткіштерінің бірі «мемлекеттік тілді меңгерген халықтың үлесі» болып табылады. Тілдерді оқыту орталығында жыл басынан бері оқыту курстарына 803 тыңдаушы қамтылды. Еліміздегі ахуалға байланысты орталық тыңдаушыларды қашықтан оқытуда «ZOOM» платформасын, «WhatsApp» желісін, «QUIZZ» бағдарламасын, «Xrecorder» және «PowerPoint» бағдарламаларын пайдаланды. Орталық ұжымы «Facebook» және «Instagram» әлеуметтік желілерінің беттерінде



желі қолданушылары мен тыңдаушылары үшін презентациялық, бейне және ақпараттық-танымдық сабақтарды үнемі жариялап отырады.

Ағымдағы жылдың маусым айында орталық жанынан тыңдаушылар және тілді еркін форматта үйренуге ниет білдірген азаматтарға арналған

«СөйлеTime» клубы бой көтерген болатын. Клубтың мақсаты тіл үйренушілерге ауызекі сөйлесу арқылы өз ойларын еркін жеткізуге үйрету. Тілдерді оқыту орталығының ұйымдастыруымен сауда орындарының қызметкерлеріне арналған мемлекеттік тілді оқытудың қысқа мерзімді курстары да

өз нәтижесін беруде.

Ағымдағы жылдың оқу бағдарламасы аяқтағаннан кейін мемлекеттік тілді оқыту курстарының орта және ортадан жоғары деңгейлерді аяқтаған кейін жүз алпыс жеті адамға, ағылшын тілін оқыту курсының базалық деңгейін аяқтаған жетпіс тіл үйренушіге сертификат табыс етілді.

Тіл үйренушілерге сертификат табыстау рәсімінде орталық басшысы Алмагүл Бірманова халық алдында сөз алып, тіл мәртебесін асқақтатуға ат салысып жүрген тіл жанашырларына алғысын білдіріп, сертификаттарды табыс етті.

Сертификат иелері де орталық ұжымына шексіз ризашылықтарын білдіріп, қызметкерлерге өз алғыстарын айтты.